

Кенжебаева А.Ә.

Әлемнің тілдік бейнесіндегі символ мен концепт: ұқсастықтары мен айырмашылықтары (қазақ және қытай тілдеріндегі материалдар негізінде)

Kenzhebaeva A.A.

Symbol and concept in a language picture of the world: similarities and differences (on the basis of the Kazakh and Chinese languages)

A.A. Кенжебаева

Символ и концепт в языковой картине мира: сходства и различия (на основе материалов казахского и китайского языков)

Берілген мақалада тілдік тұлғаның сыртқы дүниені қабылдауы арқылы әлем бейнесінің қалыптасуында символдың атқаратын рөліне жан-жақты ашылып, қытай тілі мен қазақ тіліндегі ұлттық-мәдени ерекшеліктері айқын символдардың тілдік жүйесіне салыстырмалы түрде талдау жасалынған, сонымен қатар қос мәдениетте түстердің алатын орны туралы тұжырымдар келтіріледі.

Түйін сөздер: символ, концепт, ұлттық мәдениет, символдар жүйесі.

This article discusses conceptually significant symbolic and significant characteristics of different colors in the composition of Chinese proverbs, identified their ethnic relevance, for comparison resistant Kazakh folksayings.

Key words: symbol, concept, culture, system of symbols.

В данной статье рассматриваются концептуально значимые символические и оценочно значимые характеристиках различных цветов в составе китайских паремий, выявляются их этническая релевантность, для сравнения приводятся казахские народные устойчивые изречения.

Ключевые слова: символ, концепт, национальная культура, система символов.

**ӘЛЕМНІҢ ТІЛДІК
БЕЙНЕСİNДЕГІ
СИМВОЛ МЕН
КОНЦЕПТ:
ҰҚСАСТЫҚТАРЫ МЕН
АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ
(қазақ және қытай
тілдеріндегі
материалдар негізінде)**

Қандай да болмасын ұлттың символдары өзінің өне бойында ұлттық мәдениет, ұлттық дүниетаным, ұлттық дәстүр, ұлттық діл, ұлттық психологияның қанық бояуын толыққанды сақтайды. Символдардың санада пайда болуы, әлемнің тілдік бейнесіндегі жүйесінің тізбектеліп түзілуі және адамға олардың белгілі бір деңгейде әсер етуі ұлттық болмыс табиғатының бар бояуының қанық сақталып тіл арқылы айқындап білуде орны ерекше.

Кез келген тілді толыққанды меңгеріп, тамырына терең бойлау үшін сол елдің ұлттық және мәдени ерекшеліктерін, айшықты өрнектерін дөп басып ескеру қазіргі таңдағы тіл білімінде қалыптасушы лингвоелтану, когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттану сияқты салалардың ғылыми-деректік негізін нақты түрде толықтырып, бояуын айшықтай түседі. Символды жан-жақты әрі кешенді түрде зерттеу- символдар жүйесін анықтауда өз қызметін тиісті деңгейде атқарып, жемісті нәтижелерін береді. Өйткені символдың мәні мен мазмұны тек белгілі жүйеде толық көрініс таба алады. Біз берілген мақалада қытай тілі мен қазақ тіліндегі ұлттық-мәдени ерекшеліктері айқын символдардың тілдік жүйесін анықтауға тырыстық. «Әлемнің тілдік бейнесі дегенде ақиқатты тануда тілдің маңызыншектен тыс көтермелеп жібермеу керек», – дегенді профессор В.А. Маслова айта келіп: «Әлемнің тілдік бейнесі ұғымын «метафора» деп атайды» [1]. Ғалымның пікірінше, белгілі бір ұлттың қоғамдық саяси-тарихи тәжірибесі жинақтала келе оның тілінің ерекшеліктері, шындығында сол тілде сөйлеушілерге объективті дүниеден өзге қайталанбас дүние бейнесін жасамайды, тек заттар мен құбылыстардың, іс-әрекеттердің ұлттық болмыс пен ерекшеленетін, өзіне тән нақышы бар дүниені қалыптастырады, тілдік тұлғаның сыртқы дүниені қабылдауы арқылы әлем бейнесінің қалыптасуында символдың атқаратын рөлі салмақты деп айтуымызға болады.

«Символ – (грек *simbolon*) – айрықша таңба; белгілі бір идеяны жандандыратын таңба, образ; мәнімен байланысы жоқ белгілі бір топ адамдары ғана елейтін, көзге көрінетін, сирек естілетін құрылым» [2]. Әр ұлттың өмір сүріп отырған табиғи ортасы мен дәстүріне, оның күнделікті қызметіне, салтына, ойлауына, пайым-санасына және дүниетанымына ықпалын тигізеді. Со-

ған сәйкес қоғамда символдар пайда болады. Мәселен, қазақ халқында тау – мәңгілік, ажалсыздық, күш, қуат, қажырлық символы десек, қытай ұлты үшін алып сарқырама – тәкаппарлық пен даналықтың, тәуелсіздіктің символы. Белгілі ғалым Э. Шакенова көшпенділердің өмір-салтынан туындаған таудың символикасын береді: «Чувственно воспринимаемый природный мир – одно из оснований на котором выросло национальномироощущение кочевника. Близки и дороги кочевнику и горы. С их образомсвязывает он самое дорогое и вечное – высоту и чистоту. Они – символы бессмертия, его прародина» [3]. Ол үшін тау мен жол даналық пен төзімділіктің, мәңгілік өмір мен атамекен символы. Сондай-ақ дәстүрлі қазақы мәдениеттен хабар беретін тағы бір бейне – жусан, ол туған елдің символының айқын көрінісі, жусанның иісінің беретін символдық ассоциациясы өте күшті. Жусанның еліктірер иісін әр қазақ жанымен терең сезініп, түсінеді. Байырғы қазақтардың «Ермен исі емдеп жазады, жусан исі жұбатады» деген сөзді дөп басып айтылған. Қазақы символдың тағы бірі – бәйшешек, ол көктемнің алғашқы жаршысы болғандықтан өсіп-өну мағынасын бере алады, қазақ тіліндегі «бәйшешектей құлпырған», «бәйшешектей жайқалған» деген тіркес өсіп-өніп келе жатқан жас ұрпаққа қатысты көп қолданылады. Ендігі бір бейне – тобылғы. Сабағының өте мықты болуына байланысты одан малшылар қамшының сабын, әсемдік қолөнер бұйымдарын жасайды. Мысалы, тобылғының қабығы қызыл, одан қамшы сап, құсқа тор жасалынады, май алынады. Қабағын сыдырып жебе де жасайды. Қазақ мәдениетінде тобылғы – қасиетті ағаш, мұны алыс жерге барғанда базарлық ретінде сыйға тартады. Тобылғының қасиетін жоғары бағалаған халқымыз оған – *жыңқумас, құсқонбас, шайтанкелмес* деген бірнеше ат қойған халқымыз барынша тырысып бағу, жоқтығын, қолынан іс келетін-келмейтіндігін сыртқа білдірмеу мағынасын беретін тобылғы ұялғанынан қызыл болыпты және сапасына байланысты тобылғыны қатты деп, қамшыға сап қылады, көреген жігітті әккі деп, қосынға бас қылады деген тұрақты тіркестер қалыптасқан. Бірінші тіркеске ағаштың түсі, екіншісіне оның қасиеті ұйытқы болған. Сондықтан үйге жың-сайтан ұяламайды деген сеніммен төрге, бүктей іліп қоятын қамшыға сап ретінде алынуы тегін емес. *Туған жердің символы болған жуа мен жалбыздың қасиетіне орай қазақ тілінде: «жусасы да тәтті», «жалбызды жерде жан қалар» деген тіркестер қалыптасқан.*

Алқаптар мен бау-бақша мәдениетінің өкілі болған қытай ұлты үшін де ұлттық бояуы қою келетін образдар – мейха гүлі, таушымылдығы (пион), бамбук, шырша және лотос гүлі боп табылады. Мәселен бамбук – жыл бойы түсін өзгертпей, жап-жасыл кейпін сақтағандықтан мәңгілік символы ретінде таныған, сонымен бірге бамбукты төзімділік пен шыдамдылық нышаны ретінде де қарастыруға болады. Қара өрік гүлі (мейхуа) ұзақ ғұмырды білдірсе, кипарис ағашы мен қарағай ағаштары – ажалсыз ғұмырдың символы боп табылады.

Қытайлықтар үшін айдаһар орны ерекше орында тұр, олар өздерін: «айдаһар ұрпағы» 龙的传人, «айдаһардың перзенті» 龙的孙子 деп атайды. Сол секілді тырнаны қасиетті құс санайды, ол бақыт пен ұзақ ғұмырдың символы. Қазақ ұғымындағы қасиетті құстар: қарлығаш, үкі, аққу, сұңқарлар символдар болып табылады. Аққу – көшпенді халық мәдениетінде киелі саналатын құс. Тәкаппар құс кез келген жерде мекендемей, аса талғампаз, кірпияз болып келетіндіктен, қазақ үшін ол тазалық пен сұлулықтың символы ретінде танылады.

Ал қытай халқы үшін ұзақ ғұмырдың символындай болған «*龟年鹤寿*», «*鹤寿松龄*», «*松鹤长寿*», тырна бейнесі даостық дүниетаным ұғымымен тығыз байланыста, аңыз бойынша періштелер мен перизаттар тырнаны жегіп аспанда қалықтап ұшады-мыс. Себебі тырнаның аппақ мамық жүні қариялардың ағарған шашының символындай, мәселен: «тырна шашты *鹤发*», «тырна шашты, сәби келбетті *鹤发童颜*» мағынасы: «жасы жер ортасынан асса да өңін бермеу, денсаулығы мығым дегенді білдіреді, «тырнаның» жасырын мағынасы: «жер бетіне, адамзат арасына қайта оралу» дегенді білдіреді. Қарлығаш – көктемнің алғашқы жаршысы әрі қытайлықтардың ұғымында «*燕吕*» ғашық жұбайлар арасындағы жарастық символындай. Сонымен қатар «*黑老鸦报喜, 不是好消*» сауысқан «*鹤*» отырықшы халық ұғымында жақсылық жаршысы, ол тек жағымды жаңалықтарды әкеледі деп сенген, яғни: «сауысқан шақырысы, жағымды жаңалық әкеледі» «*喜鹤叫, 喜事到*» деп сенген, ал қарға керісінше, өзінің сүйкімсіз қарқылымен тек жамандықты ғана естіртеді, алайда көркем әдебиетте арудың шашын «қап-қара қарғаның жүніндей», яғни «*乌鸦毛*» деп суреттесе, ол әсемдік белгісін меңзеп тұр». Қытайда он екі сауысқанның бейнесі салынған сурет бар, оның мәні: он екі түрлі ақ тілекті білдіреді. Суретте сауысқан, бамбук, қара өрік тұлғалары салынған болса ол «жұбайлар арасындағы сүйіспеншілік»

ті білдіреді [4]. Қос сауысқан бейнесі – «үйлену тойының символы болған». Сауысқан сонымен қос ғашықтарды табыстырушы жағымды образ ретінде табылады. «Тоқымашы мен бақташы» атты аңызда әр жылдың жетінші айында тоқымашы бір рет өзінің жұбайымен кездесуге мүмкіндік алу үшін сауысқан көпір «鹊桥» жасатады. Мұнда сауысқан образы сүйгендерді табыстырушы көпір символы іспеттес [5].

Айдаһар – қытай ұлттың символы. Тіптен император өзін «айдаһар ұлы», ал өз сарайын «龙宫» яғни: «айдаһар сарайы» деп аталған. Оның бейнесі киімдерде, сарайларда, қыш құмыра сыртына да, үй жиһаздарында кездеседі. «Дуануцзе мейрамы» 端午节 кезінде айдаһар қайығы жарысын ұйымдастырады. Жер, көл, өзен, аспалы бақтар, адам есімдері, ғибадатханалар (Хэйлуңцзяң провинциясының тікелей аудармасы: «қара айдаһар өзені» деген ұғымды білдіреді), тағам аттары (龙虾 лобстер аударғанда: айдаһар шаян, 龙眼 айдаһар көз жемісі), «Юансяюцзе» 元宵节: Шамдар мейрамында көшелер, үйлер, сарайлар, аулалар айдаһар шамдарымен безендірілген. Айдаһарға байланысты фразеологизмдер де алуан түрлі: «画龙点睛», «龙飞凤舞», «跳龙门», «龙腾虎跃» т.б.

Сиыр бейнесі де егіншілікпен айналысқан отырықшы халық үшін маңызды орын алған, оны негізінен халық жұмысшы күші ретінде пайдаланған, сиыр – төзімділік пен еңбеккерліктің символы ретінде танылған, сондықтан: «Ол сиыр секілді тынбай еңбек етті» «他干活象老黄牛» деп бейнеленген. Ежелгі Қытайда сиыр – ең бағалы түлік боп саналған. Сонымен бірге «牛毛» яғни: сиырдың жүніндей көп деген мағына береді, «牛毛细雨», «多如牛毛», «сиыр жүніндей ұсақ жауын», «молдығы сиырдың жүніндей» деген ұғымға ие.

«Жалпысимволдарды адамдарды еліктіру, қызықтыру, тарту, оларға әсер ету арқылы белгілі бір әрекеттер жасату мақсатын жарнамада қолданып жатады. Соның ішінде, түр-түс символикасы барлығына ерекше қолданылады. Олардың ең басты мақсаты, адамдардың көңілін бұру, содан соң қалыптасқан символдық ойлау арқылы белгілі бір ақпарат түзіп, соған сендіру» [6]. Белді қытай ғалымы Джань Ваңси пікірінше: «Тіл – ұлттық ерекшеліктердің бірі, ол әр алуан дәрежеде этникалық фактордың пішіні мен мәніне әсерін білдіріп отырады. Түстер символы да бұдан сырт қалмайды. Түстер тұрғысынан алып қарайтын болсақ, түстердің әрбір ұлттың өзіндік келбетін айқындай алатын қасиеті бар. Алайда ұлт мәселесіне келер болсақ, олардың әрбіріннің

өзіндік өмір салты, таным-пайымы, өмір сүру ортасы және тағы да басқа факторларға орай әр ұлттың түске байланысты концепциясы, баянды үлгісі, түстер концепциясының мағынасы мен танымдық аясы тұрғысынан өзгешеліктер болады» [7].

Түстер турасында сөз қозғағанда қызыл түстің қытай мәдениетінде салмақты орын алатын баса айтқан жөн. Қызыл түс – мейрам мен шаттықтың, қуаныштың символы. Әсіресе ай тізбегі бойынша өтетін қытайша жаңа жыл кезінде есік пен қақпаларға қызыл түсті қосарлы жазулар ілінді, көшелерге қызыл шамдар ілінді, себебі қызыл түстен жын-шайтандар қорқады деп сенген, жас балаларға ересектер құттықтау ретінде «қызыл қалта» («红包») ұсынады. Үйлену тойында қалыңдық тек қызыл түсті киім киген, тіптен үйлену тойын «喜事» деп атаған. Сол себепті қызыл түс – шаттықтың нышаны және оны «喜色» яғни: «шаттықтың түсі» деп атаған.

Ерте заманнан бастап қазақ халқының символикасында жеті негізгі түс қолданылған: қызыл, ақ, көк, сары, жасыл, қара, көгілдір» [8]. «Ақ түс – тазалықтың, үміттің, сұлулықтың, нәзіктіктің символы. Соған қоса, қазақ мәдениетінде ақіреттілікті білдіреді. Ағылшындарда ақтың тазалық символикасы дінде көрініс табады. Ақ – жақсылықтың, қара – жамандықтың символы» [9]. Алкөк түске байланысты: «көсегең көгеріп, көрпең ұлғайсын», «көгеру», «көк шықты», «көкке аузы ілікті», «көсегесі көгергір» деген ұялас сөздер мен сөз тіркестері бар. Соның бәрі сайып келгенде өмір сүру, жаңару – жасару, мұратқа жету деген ұғыммен төркіндес. Табиғат оянып, тіршілік біткенге жан беретін жыл мезгілі де көктем деп аталады. Қарғыс біткеннің қатерлісі де «көктей солғыр» болып келген.

Сары түске байланысты қазақ ұғымында ұзақ күту, сарғаю, қайғыру мағынасын көбірек қолданады: сағынғаннан сарғаю, сары жапырақтай солу. Керісінше, қытай мәдениетінде маңызды орын алатын түстердің бірі – сары түс. Ол – ақ сүйек ортаны, билік пен байлықты білдіретін қасиетті түстердің бірі. Қытай ұлты қасиетті Сары өзен «Хуанхы» бойында өмір сүріп келе жатқандықтан сары түсінің орны салмақты боп саналады, қытай ұлты өздерін «сары нәсілділер» санап, оны мақтан тұтқан. Сары түс сәттілік символы болған, мерекелер мен мезгілдерге байланысты жазбаларды «хуаң ли» (黄历) яни – «сары тізбек» деп атаған, хуаң лиге кірген әрбір күн сәтті саналған.

Ақ түсі қазақ халқы үшін өлімнің де символы болып табылады. Мәселен жерлеу кезінде

марқұмның туыстары ақ белбеу (қаралы үйдің адамдары беліне байлайтын орамал) таққан. Қытай халқы үшін де азалы түстердің бірі боп есептеледі, жерлеу рәсімін өткізгенде қайтыс болған адамның туыстары түгелдей дерлік ақ түсті киім, ақ түсті белбеу тағып, ақ түсті бас киім киіп, аппақ гүл ұстап аза тұтқан, сондықтан жерлеуді «白事», яғни «аппақ іс» деп атаған. Қытай мәдениетінде ақ түс «батыстың» символы, батыс деп отырғанымыз күннің бататын тұсы, яғни о дүниені білдіреді, ал ақ түс өлім белгісі боп саналған. Қызыл түс – қайнаған өмір белгісі болса, ақ түс өлімді меңзеген. Ақ түстің тағы бірқатар мағына беретін туыстары көп: «白脸» (ақ жүз – бұзылған адам), мәдениеті төмен, мәнсабы, дәрежесі жұрдай адам «白丁» деп атаған, «ақ киім» («白衣») – қарадан шыққан адам, «ақ бөлме» («白屋») кедей-кепшіктің тұрағы, «白手» аудармасы: «қолында түгі жоқ». Дәстүрлі қытай театрында аппақ гриммен боялған кейіптегі актерлер жағымсыз рөлдерді ойнаған. «小白脸» яғни «ақ жүзді» деп альфонстарды атаған. Сонымен қатар қытай мәдениетінде ақ түс «ителлектісі төмен», «тиімсіз», «ақауы бар, қате», «тегін», «құр босқа», «сыңаржақтылық» сынды ұнамсыз мағыналарды береді, ақыл есі кем адамды «白痴» (есуас), «白搭» (пайдасыз), «白字» (қате жазылған иероглиф), «白送» (тегін), «白开水» (қатықсыз кара су). Қазақ тілінде ақ көзді деген тіркес – түк білмейтін, бейхабар, надан деген ұғым береді. Ақ түсінің қос мәдениетте беретін ұнамды мәні де бар, мәселен қазақ тілінде ақ бесік – бесікті қадірлеу, қастерлеу, қасиет тұту мағынасында айтылатын сөз, ақ босаға – қасиетті босаға деген ұғымды береді. Ақ түсті халқымыз адалдық пен берекенің, кіршіксіз тазалықтың белгісі деп санайды. «Ақ» сөзінің қатысуымен жасалған сөздер мынандай мағыналық топтарға бөлінеді: аппақ, кіршіксіз, сымбатты: *аршыған жұмыртқадай; ақ борықтай; аққұба; азаяқ бидайық; ақ бидай; ақ бауыр тары; ақ босаға; ақ ниет, ақ тілек, ақ жауын, ағынан жарылды, ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс т.б.* Қытай мәдениетінде де ақ түс пәктіктің символын береді, мәселен қытай тілінде: «白衣天使» (ақ киімді періште), «洁白如玉» (нефриттей аппақ) тіркестеріндегі ақ сөзі – кіршіксіз деген мағына беріп тұр.

Көптеген мәдениеттерде қара түсі қайғы – қасірет, жауыздық символы ретінде танылса, қара түс – қытайлықтар үшін де жауыздық символы ретінде таныс. Батыс мәдениетінде қара түс аза тұту белгісі болса, қытай және қазақ мәдениеттері үшін аза тұту белгісі ретінде ақ түс алынған. Алайда қара түстерінің жағымды мағыналары

да жоқ емес, мәселен қазақ тіліндегі: «қара шаңырақ», «қара қазан» тіркестеріндегі «қара» сөзінің мағынасы «қасиетті» деген мәнге ие. Қара түс әдетте қай мәдениетте болсын өзімен бірге ылғи жамандық пен қастандықты алып жүреді деп есептелген. Қазақ танымындағы – «қаралы күн» деген негативті тіркес боп табылады. Ал Қытайда көнеде қара түсті ерекше қастерлеген, алғашқыда ол тереңдіктің символы танылған әрі қарай түн түстес боғандықтан «түнек» символына айналды. Қазір қытай тілінде біртіндеп ол түс бақытсыздық, жамандық, зұлымдық символына ауысқан. Мәселен «黑心肠», «黑心» аудармасы «қара ниетті», «қара жүрек», бұл арқылы ниеті арам адамдарды бейнелеген. Қазақ тіліндегі «жүзіқара» сөзінің мәні – арсыз, ұятсыз дегенді білдіреді. Қытайдың аңыз әңгімелерінде бейнелеген зұлым құбыжықтардың жүзін де еркше қап-қара етіп суреттеген. Қазақ танымында қара түстің жағымсыз жақтарын бейнелеген туыстарын жалғастыратын болсақ: ҚАРА ЖАМЫЛУ – күйеуі өліп тұр қалған әйелдің басына қара салып жыл бойы аза тұтуы. Марқұмның әйелі үстіндегі әшекей бұйымдарын шешіп, кимешегінің жағын бұзып, қаралы күйге енеді. Қазақ тіліндегі «қара ниет» деген тіркестің мағынасы: «арам пиғылды» дегенді білдіреді.

Қазақ мәдениетінде ойып тұрып орын алатын келесі түс – көк түс. Көк түс, ең алдымен, көктемнің символы, содан соң, жаңару, табиғаттың жандануы, шырт ұйқыдан оянған тіршіліктің, жаңа өмірдің символы болады. Қазақ тіліндегі: көгермей көктей сол – өмір сүрме, дамыма деген ұғымды береді.

Осылайша, табиғаттағы түр-түстің барлығы әрқашанда бір заттың, құбылыстың түрін, түсін, өң-реңкін, сыртқы сипатын ғана анықтаумен шектеліп қоймайды. Сонымен қатар түр-түс атаулары мүлдем түр-түске қатысы жоқ, не одан бүгіндері тым алыстап кеткен ұғым-түсініктерді, мағыналарды, қасиеттерді, сыртқы келбеті мен мифологиялық ойлаудың нәтижесі сияқты факторлардың салдарының қоршаған ортадағы, табиғаттағы, адамның тұрмысындағы түрлі жағдайларға, наным-сенімдер мен дәстүрлеріне, ырым-жоралғыларға символдық мағына беру арқылы әсер етеді. Кез келген нәрсе өздігінен бір мағына беріп немесе символ бола алады (мысалы қызғалдақ – мифологиялық символ – жастық шақ), бірақ түр-түстердің ертеден бері келе жатқан символикалық сипатының нәтижесінде орныққан түсініктер, ұғымдар мен символдарға реңк, түс бере отырып солардың мағынасын (қызғалдақ-өмірдің символы) түбегейлі өзгерте алатын қасиетке ие.

Әдебиеттер

- 1 Маслова В.А. Лингвокультурология. 2-е изд. Academia. – М., 2004. – 66 p.
- 2 Философский энциклопедический словарь. Инфра – М., 1999. – 413 p.
- 3 Шакенова Э. Художественное освоение мира. – Вкн.: Кочевники. Эстетика. Алматы: Ғылым, 1993. – 87 p.
- 4 吴存洁. 吉祥物古今谈. 济南: 山东教育出版社, 1999: 53.
- 5 张玉春. 汉英《红》、《白》颜色词象征意义分析. (中共江苏省委党校基础部, 南京210004
- 6 Анесова У.Г. Әлемнің тілдік бейнесіндегі символдар жүйесі. Философия докторы (PhD) ғылыми дережесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2014, 102, б.
- 7 张旺喜. 对外汉语研究与评论. (M). 北京: 教育科学出版社, – 2005: 16 .
- 8 Қазақ сөздігі (Қазақ тілінің біртұмдық үлкен түсіндірмесөздігі) / құраст.: Н. Уәли, Ш. Құрманбайұлы, М. Малбақов, Р. Шойбекова және т.б. – Алматы: Дәуір, 2013.
- 9 Анесова У.Г. Әлемнің тілдік бейнесіндегі символдар жүйесі. Философия докторы (PhD) ғылыми дережесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2014. – 103 б.

References

- 1 Maslova V.A. Lingvokulturologia. 2. Academia.–M., 2004. 66 p.
- 2 Filosofskienciklopedičeckislovar. Infra–M., 1999, 413p.
- 3 ShakenovaE. Hudozhestvennoeosvoeniemira: Kochevniki. Estetika. Almati: Izdatelstvo –Geleml, 1993, 87 p.
- 4 Wu Cunjie. Jixiangwugujintan. Jinan: Shandong jiaoyuchubanshe□1999: 53.
- 5 Zhang Yuchun. Han ying «hong»□«bai» yansexiangzhengyiyifenxi□Zhonggong Jiangsu sheng weidangxiaojichubu, Jinan 210004
- 6 Anesova U.G. Alemnin tildik beintsindegi simvoldar zhuiesi. Filosofiya doctori (PhD) gelemi darezhesin alu ushin daiendagan dissetacia. – Almaty, 2014. – 102 b.
- 7 Zhang Wangxi. Duiwaihanyuyanjiuyupinglun. (M). Beijing Jiaoyukexue chubanshe, 2005: 16 .
- 8 Kazak sozdigi (Kazak tiltin bir tomdek tusindirme sozdigi)/Kurastr.: N.Uali, Sh. Qurbanbaiule, M. Malbakov, R. Shoi-bekova zhane t.b. – Almaty: «Dauir baspase», 2013.
- 9 Anesova U.G. Alemnin tildik beintsindegi simvoldar zhuiesi. Filosofiya doctori (PhD) gelemi darezhesin alu ushin daiendagan dissetacia. – Almaty, 2014. – 103 b.